

№11 "Таңшолпан" бөбекжай бақшасы

" Қол не үшін керек? (әңгімелеу)"

№12 "Жұлдыз" мектепалды даярлық тобы

(ашық ұйымдастырылған оқу қызметі)

Дайындаған: тәрбиеші Сатығалиева А.Т.

2021-2022 оқу жыл

Білім беру саласы: "Қатынас".

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет.

Тақырыбы: Қол не үшін керек? (әңгімелеу)

Мақсаты: Әңгімені мәнерлеп, түсінікті етіп оқып бере отырып, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адамдар қолымен жасалатынын ұғындыру. Сұрақ – жауап арқылы балалардың ойын толық айта білуіне баса назар аудару. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, жұмбақ, сұрақ-жауап.

Қажетті құралдар: слайд арқылы адамдардың қолдан жасаған жұмыстары көрсету, сыйқырлы қорапша, тақырыпқа сай суреттер.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>Шаттық шеңбері: Қол ұстасып қане біз, Достасайық бәріміз. Қайырлы күн жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!</p> <p>Жұмбақ: Екі достың бірі ыңғайлы, Біреуінің ебі жоқ. Екеуін де бірдей көрем, Маған артық - кемі жоқ.</p>	<p>Қол ұстасып қане біз, Достасайық бәріміз. Қайырлы күн жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!</p> <p>- Қол.</p>
<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>Суретпен жұмыс: Балалар, қол бізге не үшін керек?</p> <p>- Дұрыс айтасындар. Қол адамның дене мүшесі. Қолымызбен көптеген шаруа жасай аламыз.</p> <p>(Көңілсіз музыкамен Перро келеді)</p> <p>Перро: Сәлеметсіздер ме балалар! Мен көңіл-күйім болмай тұр.</p> <p>Тәрбиеші: Сәлеметсің бе, Перро саған не болды?</p> <p>Перро: Менің қолымнан ештеңе келмейді. Содан үнемі көңілсізбін. Әдемі сурет салу да, киім де тіге алмаймын, ештеңе құрастыра да алмаймын. Қол сонда не үшін керек ештеңе жасай алмасам?</p>	<p>- Тамақ ішкенде қасық ұстау үшін, ойын ойнауға, беті - қолымызды жуған кезде, киім кию үшін керек.</p> <p>Балалар таңырқап қарайды.</p>

Тәрбиеші: Перро кел, отыра ғой, көңіл-күйіңді түсірме. Біздің бүгінгі оқу қызметіміз осы қол туралы болмақ. Сен де мұқият тыңда. Балалар мен Евгений Пермяктың "Қол не үшін керек?" деген әңгімесін оқып берейін. Мұқият тыңдаймыз.

- Балалар, әңгіме не туралы айтылған екен?

- Петяның атасы қандай сұрақ қойды?

- Қол бізге не үшін керек?

- Дұрыс айтасындар балалар! Адамдардың қолынан көп нәрсе келеді екен. Қолмен әлемде болып жатқан өзгерістер мен жақсылықтың барлығы да қолмен жасалады. Мысалы мына слайдқа назар аударайық.

(Слайдта адамдардың қолдан жасаған жұмыстары көрсетіледі)

- Міне, балалар, бұның барлығы қолмен жасалынған. Адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір – біріне жақсылық жасайды екен.

Перро: Қандай керемет! Қолмен бәрінде жасауға болады екен. Балалар мен бір ойын білемін, ойнауға болады ма?

Дидактикалық ойын: Сикырлы қорапша.

Ойын шарты: қорапшаға әр түрлі ойыншықтар салынады, балалар қорапқа қолын салып сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін айтады.

Тәрбиеші: Қандай қызықты ойын.

Балалар әңгімені мұқият тыңдайды.

-Қол туралы айтылды.

- Қол бізге не үшін керек? деген сұрақ қойды.

- Жақсылық жасау үшін.

Балалар экранға назар аударады.

Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Ұнады ма? Рахмет Перро!

Олай болса, балалар, қол туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Перро: Менің де есіме түсті, менде айтайыншы.

Қолы ашықтың - жолы ашық.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасың, жарайсың!

Перро: Рахмет сіздерге, мен көп нәрсені ұқтым! Мен енді барайын. Менің де бір нәрсе жасағым келеді. Бірақ неден жасасам болады? Менде ештеңе жоқ қой.

Тәрбиеші: Мұңайма, біздің балалар әртүрлі материалдардан түрлі бұйымдар жасаған. Сол бұйымдардан қалған материалдарды берейін. Сен де өз туындыңды жасай ғой.

Перро: Ой, рахмет сендерге! Менің көңілімді көтердіңдер, көп нәрсе үйрендім! Енді мен үйіме барып, мына заттардан әдемі туынды жасайын. Қолымнан не келетінін көрсетейін. Сау болыңыздар!

Тәрбиеші: Жарайсындар! Балалар, біздер үлкен зәулім ғимараттарды салуға әлі кішкентаймыз, бірақ әдемі ғимараттары құрастыра аламыз. Олай болса мына қиындылардан бір әдемі ғимарат құрастырайық.

Дидактикалық ойын: Менің де қолымнан келеді.

-Иә, ойын ұнады.

- Көз қорқақ,
Қол батыр.

- Шебердің қолы
ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.

- Саусақ бірікпей, ине
ілікпейді.

- Сау болыңыз!

Балалар ойынды
қызығушылықпен



	<p>Шарты: қиындылардан бүтін сурет құрастыру.</p> <p>(телефон ауысы естіледі)</p> <p>Экраннан Перро өзінің жасаған туындысын көрсетіп, мақтанады.</p> <p>Перро: Ой, балалар менің қолым шаршап қалды. Қолымызға жаттығу жасап алайықшы.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Көрме ұйымдастыру. Менің сендерге арналған сыйым бар. Ол сендердің жыл басынан бастап ата - аналарыңмен және өз қолдарыңмен жасаған әртүрлі жұмыстарыңнан көрме жасадым. Жұмыстарың өте керемет!</p>	<p>ойнайды.</p> <p>Экран арқылы қимылды қайталайды.</p> <p>Балалар қызығушылықпен қарайды.</p>
<p>Рефлексивті түзетушілік</p>	<p>Қорытындылау: Сұрақ-жауап.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бүгін біз не туралы әңгімелестік? - Қандай әңгіме тыңдадыңдар? - Әңгіменің авторы кім? - Бізге кім келді? - Перроға көмектесе алдық па? <p>Мадақтау: Жарайсындар, сендердің қолдарыңнан барлығы келеді. Өнерлі болыңдар! Бүгінгі оқу қызметіне барлығың да жақсы қатынастыңдар.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Қол туралы әңгімелестік. - Қол не үшін керек? әңгімесін. - Евгений Пермяк. - Перро келді. - Иә, көмектестік. <p>Балалар қуанады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қолдың атқаратын қызметін.

Игереді: "Қол не үшін керек?" әңгімесінің мазмұнын.

Меңгереді: адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір – біріне жақсылық жасайтынын.



*Тақырыбы: Қол не үшін кере?
(ашық ұйымдастырылған оқу қызметі)*